

Бекітемін:
№29 «Ай-Керім» бөбекжай-
бақпасының меңгерушісі
К.К. Сейдалиева

Өрт қауіпсіздік ережелерінің
сақталуы, шолу қорытындысы

Шымкент 2023 жыл

Өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуы, шолу қорытындысы

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша балабақша тәрбиешілеріне арналған нұсқаулық Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты балабақшаның барлық тәрбиешілері орындауға міндетті. Тәрбиешілер балалардың өмірі мен денсаулығы үшін жеке басымен жауап береді. Тәрбиешілер баланың мінез-кұлқы мен тәртібін режимнің барлық сәтінде байқап-бақылап отырулары, жарақаттан сақтандыруға көңіл аударуы тиіс. Балалардың балабақша ішінде, балабақша территориясынан тыс жерде жүріп-тұруы барысында, сондай-ақ оқытудың техникалық құралдарын (теледидар, компьютер және т.б.) пайдаланған кезде қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, олардың балабақша аумағынан сыртқа кетуіне жол бермеу. Бала өздігінен кетіп қалған жағдайда тәрбиеші жедел оны іздестіруді ұйымдастырып, бұл туралы әкімшілікке хабарлауы тиіс. Балаларды үйлеріне жалғыз жіберуге, оларды бөтен, мас күйдегі адамдарға беруге тыйым салынады. Баланы балабақшадан алуға сенім білдірілген адамдарына қатысты ата-аналармен ертерек келісіп, ол ата-анасы мен сенім білдірілген тұлға растаған сенімхатпен ресімделуі қажет. Балалармен сабақ өткізген кезде ҚТ сақтап, оларды еңбектің қауіпсіз әдістеріне үйрету. Сабақтарда сіріңке және басқа да қауіпті материалдарды қолдануға болмайды. Учаскеде, топта, дәлізде және баспалдақ алаңдарында өзін-өзі ұстау тәртібінің қауіпсіздігі туралы балаларға үнемі нұсқаулық беру. Балаларды серуендеу кезінде топқа жалғыз жібермеу. Әрдайым балалардың қасында болу. Серуен алдында телімде қауіпті заттар мен өсімдіктердің бар-жоғын қарау. Балалар өрмелегенде және спорт жабдықтарымен айналысқанда (әткеншек тебу, карусель, гимнастика қабырғаларымен, спиральмен өрмелеу, орындықтармен және бөренемен жүру) оларды сақтандыру қажет. Балалардың жарақаттануын болдырмау үшін барлық стационарлық балалар жабдықтары, портреттер, картиналар, шкафтар, сөрелер және т.б. еденге немесе қабырғаға бекітілуі тиіс. Сабақты ұйымдастыру және өткізу жөніндегі балабақша тәрбиешілеріне арналған нұсқаулық Балалардың қауіпсіз тәртіп ережелерін игеруі және айналысындағы заттарға дұрыс қарауы үшін оларға осы заттардың қасиеттері туралы түсінікті, қарапайым түрде білуге баулу. Баланы абай болуға үйрету, оның саналы түрде жарақаттану қаупі бар жағдайлардан алшақ болуға көмектесетін мақсаттарын қалыптастыру. Баланың бүкіл белсенді қызметі үрдісінде қауіпсіз мінез-құлық тәртібі дағдыларына тәрбиелеу. Барлық сабақтарда, әсіресе құрастыру, қол еңбегі, аппликация сабақтары кезінде балаларды түрлі заттарды (қайшы, ине, табиғи материалдар және т.б.) қауіпсіз қолдана білуге үйрету. Сабақтарда қолмен ұсақ-түйек жасағанда материал ретінде сіріңкені және басқа да балалар денсаулығына зиян заттарды пайдалануға болмайды. Сабақты ұйымдастырып, өткізу кезінде табиғи жарықтың болуына (жарық сол жақтан түсуі тиіс) көңіл аудару. Сабақ өткізген уақытта бір де бір бала топтың басқа үй-жайында жалғыз қалмауын қадағалау. Қауіпсіздік ережелері туралы нақты әрбір сабақта балаларға

нұсқаулық беру. Сабаққа арналған жабдықтар ҚТ талаптарына сәйкес болуы тиіс. Сабақты ұйымдастыруға қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау

- Жаңа жыл мерекесі шыршасымен қызықты. Бұл күні қала көлеміндегі барлық мектептерде, балабақшаларда, мекемелерде, мәдениет үйлерінде шырша ойыны өткізіледі. Шырша ағашын безендіру және шараларды өткізу кезінде бірқатар өртке қарсы сақтық шараларын қолданбаса, абайсызда өрт шығып кетуі мүмкін. Сондықтан шырша ойынын өткізгенде сақтауға тиісті өрт қауіпсіздігі шараларын естеріңізге салып өтейік. Шырша ойынын өткізер алдында, балабақша меңгерушілері, мекеме басшылары, шырша ойыны өткізілетін орындардың басшылары сол жердің өрт қауіпсіздігіне жауапты қызметкерді бұйрықпен бекіту тиіс.
- Мекемелерде, мектептерде, балабақшаларда сол мекеменің қызметкерлері арасынан ерікті өрт жасақшыларын бұйрықпен жасақтап, кезекшілік ұйымдастыру қажет.
- Шырша ойыны өтетін жердің сыртқа шығатын қосалқы эвакуациялық есіктері болуы керек, шырша ойынын өткізген кезде есіктері ашық болуы тиіс.
- Шырша орнатылғанда оның шашақтары өтілетін орынның төбесіне жаңаспай, қабырғадан 1 метр қашықтықта орнатылады. Шыршаға электр жүйелерін жүргізуді, шамдарын орнатуды, тек электр маманы ғана атқаруы тиіс. Өйткені электр жүйелері дұрыс тартылмаған жағдайда өрт шығып кетуі мүмкін.
- Шырша ойыны кезінде бенгал оттарын пайдалануға және басқа да өрт шығаратын заттарды қолдануға тыйым салынады.
- Шырша ойыны басталар кезде жақын бөлмені алғашқы өрт сөндіру құрал - саймандарымен жабдықтау керек. Өрт бола қалған жағдайда дереу өртке қарсы қызмет орнына хабар берілуі шарт.

Өрт болған жағдайда 101 нөміріне хабарласыңыз!